

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 49 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 наурыздағы N 278 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 622 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 622 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 49 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 1, 17-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспедегі "Заңын" деген сөзден кейін "және "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңын" деген сөздермен **толықтырылсын;**

көрсетілген қаулымен бекітілген Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік **тіркеудің ережесінде:**

1-тармақтағы "(бұдан әрі - Заң)" деген сөздер "және "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңының " деген сөздермен **ауыстырылсын;**

3 - тармақта:

алтыншы абзацтағы "кеме нөмірі" деген сөздер "кеменің сәйкестендіру нөмірі" **деген сөздермен ауыстырылсын;**

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"жалға алынған шетелдік кемелердің тізілімі - "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңы 26-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін кемелер тіркелетін құжат;"

38-тармақ "тізілімінде" деген сөзден кейін "немесе жалға алынған шетелдік кемелердің тізілімінде" деген сөздермен **толықтырылсын;**

39-тармақтағы "Мемлекеттік кеме тізілімінде" деген сөздер "жалға алынған шетелдік кемелердің тізілімінде" деген сөздермен **ауыстырылсын;**

41-тармақ **мынадай редакцияда жазылсын:**

"41. Кемені Мемлекеттік кеме тізіліміне енгізу кеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын және кемеге меншік құқығын растайтын кеме куәлігін (8-қосымша) берумен куәландырылады.

Кемені жалға алынған шетелдік кемелердің тізіліміне енгізу шетелдік кемеге Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы куәлік (9-қосымша) берумен куәландырылады.";

42-тармақтың 3) тармақшасында "тізіліміне" деген сөзден кейін "немесе жалға алынған шетелдік кемелердің тізіліміне" деген сөздермен толықтырылсын;

4 3 - т а р м а қ т а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Шетелдік мемлекеттің кемелері тізілімінде тіркелген кемені жалға алу шартында (кемені экипажсыз жалға алу шарты) пайдаланатын кез келген тұлға жалға алынған шетелдік кемелердің тізіліміне тіркеу үшін қажетті құжаттарды отыз күннің ішінде беруі тиіс.";

мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"жолаушылар куәлігін (жолаушылар кемесі үшін);";

тоғызыншы абзацтағы "Мемлекеттік кеме тізіліміне" деген сөздер "жалға алынған шетелдік кемелердің тізіліміне" деген сөздермен ауыстырылсын;

он бесінші абзацтағы "Мемлекеттік кеме тізіліміне" деген сөздерден кейін " және жалға алынған шетелдік кемелердің тізіліміне" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 46-1-тармақпен толықтырылсын:

"46-1. Кеменің иесі кеме куәлігін жоғалтқан жағдайда аумақтық уәкілетті орган кеме иесінің өтініші бойынша оған көрсетілген куәліктің телнұсқасын б е р е д і .

Кеме куәлігінің телнұсқасын беру мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Ережеге сәйкес кеме куәлігінің телнұсқасын беру үшін қажетті құжаттарды қабылдау, оларды алған кезде аумақтық уәкілетті органның лауазымды тұлғасы кіріс құжаттарын есепке алу кітабына тиісті жазба енгізеді. Ұсынылатын құжаттар осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген кезде өтініш берушіге құжаттар қабылдаудан бас тартылады. Өтініш берушінің талабы бойынша оған құжаттарды қабылдаудан бас тартудың жазбаша дәлелденген р а с т а м а с ы б е р і л е д і ;

2) осы кемеге мәлімделіп отырған құқықтар мен тіркеліп қойған құқықтар арасында қайшылықтардың, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе тоқтата тұру үшін негіздеменің жоқтығын анықтау;

3) көрсетілген қайшылықтар және кеме куәлігінің телнұсқасын беру үшін басқа да негіздемелер болмаған кезде кеме куәлігінің телнұсқасын беруден бас

тарту туралы Мемлекеттік кеме тізіліміне жазбалар енгізу.

Кеме куәлігінің телнұсқасын беру туралы өтініш 43-тармақтың төртінші-сегізінші абзацтарында көрсетілген құжаттар қоса берілген кеме тізілімінің сауалнамасын қамтуы тиіс.";

56-тармақтағы "Мемлекеттік кеме тізілімін" деген сөздерден кейін "және жалға алынған шетелдік кемелердің тізілімін" деген сөздермен толықтырылсын;

57-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жалға алынған шетелдік кемелердің тізіліміне енгізілген кеме тіркеу нөміріне "А" әрпі қосылады.";

60 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Шағын өлшемді кеме оған тіркеу нөмірі беріле отырып, кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жатады.";

екінші абзацтағы "Мемлекеттік кеме тізілімін" деген сөздер "Кеме кітабын" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "Шағын өлшемді флот үшін Мемлекеттік кеме тізілімін" деген сөздер "Кеме кітабын" деген сөздермен ауыстырылсын;

62-тармақ алынып тасталсын;

67-тармақтың бірінші абзацында:

"мемлекеттік борттық нөмір", "борттық нөмір" деген сөздер "тіркеу нөмірі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"билеті" деген сөзден кейін "(12-қосымша)" деген сөздермен толықтырылсын;

68-тармақтағы "мемлекеттік борттық нөмірлерді" деген сөздер "тіркеу нөмірлерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

69 - т а р м а қ т а :

"мемлекеттік борттық нөмір" деген сөздер "тіркеу нөмірі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"билеті" деген сөзден кейін "(13-қосымша)" деген сөздермен толықтырылсын;

"Мемлекеттік кеме тізілімі" деген сөздер "кеме кітабы" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Ережеге 8-қосымшада:

"Кеме тізілімі" деген сөздер "Мемлекеттік кеме тізілімі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Кеме куәлігі түпнұсқада кемеде сақталады (өз бетімен жүзбейтін экипажсыз кемеде - кеме иесінде)" деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген Ережеге 9-қосымшада:

"және кемеге меншік құқығын растайды" деген сөздер алынып тасталсын;

осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес 12-13-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 30 наурыздағы
N 278 қаулысына
1 - қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 17 қаңтардағы
N 49 қаулысымен бекітілген

Кемелер мен оларға
құқықтарды мемлекеттік
тіркеу ережесіне

12-қосымша

	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі КӨЛІКТІК БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ Шағын өлшемді (өзі жүзетін) кеменің КЕМЕ БИЛЕТІ
--	--

Сыртқы жағы

Кеме кітабында аталған кемеге қатысты мыналар көрсетілген: Кеме санаты, типі, атауы _____ _____ Жасалған уақыты мен орны _____ _____ 200__ ж. Жобалық N _____ Құрылыс N _____ Корпустың материалы _____ Ұзындығы _____ (ең үлкен)	Жалпы сыйымдылығы _____ Жолаушы сыйымдылығы _____ Жүк көтергіштігі _____ Жүзу ауданы, аймағы, жағдайлары _____ (разряды, географиялық шекаралар, жағадан алыстау, толқынның биіктігі бойынша _____ шектелер) Қозғалтқыштар типі _____ Саны және нөмірлері _____ Жалпы қуаты _____
--	--

жүк көтергіштігі көрсетілген маңдайша ілінеді орынға _____	көрсетілген көрінетін _____	М.О. _____ к. (обл.) Көліктік бақылау басқармасының бастығы _____ (қолы, тегі, аты, _____ әкесінің аты)
8		9

**ЖҮЗУГЕ ЖАРАМДЫЛЫҒЫНА
жыл сайынғы техникалық куәландырудан
өту туралы белгілер**

Күні	Куәландыру орны	Комитет басқармасы	Келесі куәландыру мерзімі	Лауазымы, Т.А.Ә., қолы
10			11	

Сыртқы жағы

**ЖҮЗУГЕ ЖАРАМДЫЛЫҒЫНА
жыл сайынғы техникалық куәландырудан
өту туралы белгілер**

Күні	Куәландыру орны	Комитет басқармасы	Келесі куәландыру мерзімі	Лауазымы, Т.А.Ә., қолы
12			13	

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 30 наурыздағы
N 278 қаулысына
2 - қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2003 жылғы 17 қаңтардағы
 N 49 қаулысымен бекітілген

Кемелер мен оларға
 құқықтарды мемлекеттік
 тіркеу ережесіне

13-қосымша

	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі КӨЛКІТК БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ Шағын өлшемді (өзі жүзетін) к е м е н і ң КЕМЕ БИЛЕТІ
--	---

Сыртқы жағы

<p>1. Кеме билеті кемеде түпнұсқасында немесе нотариалды тәртіппен куәландырылған көшірмесінде болуы тиіс.</p> <p>2. Кемелерге мынадай жағдайда жүзуге тыйым салынады:</p> <p>Кеменің жүзу жарамдығына жыл сайынғы техникалық куәландыру мерзімі аяқталғанда.</p> <p>Осы кеме билеті кемеге меншік құқығының және осы кеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп ішкі су жолдарында жүзуге құқылы екендігінің дәлелі болып табылады.</p>	<p>000000</p> <p>КЕМЕ БИЛЕТІ</p> <p>Осымен нөмірі _____</p> <p>Кеменің санаты _____ үлгісі,</p> <p>атауы _____</p> <p>(Т.А.Ә. немесе ұйымның атауы _____</p> <p>_____</p> <p>_____ иесінің мекен-жайы)</p> <p>_____ тиесілі екендігін куәландырады</p> <p style="text-align: center;">1</p>
<p>Жүзуге жарамдылығына жыл сайынғы өту туралы</p> <p>Күні Куәландыру Комитет орны басқармасы</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>2</p>	<p>техникалық куәландырудан белгілер</p> <p>Келесі Лауазымы куәландыру Т.А.Ә., мерзімі қолы</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>3</p>

Сыртқы жағы

--	--

Жүзуге жарамдылығына жыл сайынғы өту туралы			техникалық	куәландырудан белгілер
Күні	Куәландыру орны	Комитет басқармасы	Келесі куәландыру мерзімі	Лауазымы Т.А.Ә., қолы
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
4				
			5	